

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының 5.1.1, 5.1.2, 5.1.3 және 5.1.4 - тармақтарына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Техникалық және кәсіптік білімі (бұдан әрі - ТжКБ) бар кадрлар даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау тиісті жылға жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мобильді оқу орталығы – практика және оқыту орнына конструктивтік элементтер мен құрал–жабдықтарды тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етумен қоса қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жылжымалы оқу орталығы;

2) мобильдік топтар – аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен әрбір елді мекенде ТжКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер іздеу және тізімін қалыптастыру үшін құрылатын топ. Мобильді топтардың құрамына кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар мен қалалар құрамындағы

аудандар әкімдіктерінің, білім беру ұйымдарының, білім беру және жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді.

2-тарау. ТжКБ кадрларды даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

3. ТжКБ кадрларды даярлау бағдарламасының қатысушылары Бағдарламаның 5.1.1 - тармағына сәйкес азаматтар санаты, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуінен тәуелсіз, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8- бабы 4- тармағында көрсетілген басқа санаттағы азаматтар болып табылады.

Басқа санаттағы азаматтарға:

- 1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) көп балалы отбасылардың балалары;
- 4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалар;
- 5) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарында, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалар;
- 6) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;
- 7) интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;
- 8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;
- 9) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда оқитын балалар жатады;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар;
- 11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар жатады.

4. Бағдарламаның Қатысушылары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын ақысыз негізде даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша білім алады.

5. Бағдарламаның 5.1.1-тармағына сәйкес мобильдік топтар ТжКБ бар кадрлар даярлауға үміткерлер іздеуді жүзеге асырады және тізімін қалыптастырады және "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы деректерді тексеру үшін халықты жұмыспен қамту орталығына осы

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТЖКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер туралы ақпаратты 10 тамызға дейін және кейінгі 3 (үш) күн ішінде жолдайды.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы деректердің дұрыстығын тексереді (мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінде сұраныстар қалыптастырады) және 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеріс нәтижелері туралы аудандық (қалалық) комиссиялардың қарастыруы мен бекітуі үшін ұсынуға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды. Аудандық (қалалық) комиссия үміткерлердің деректерін тексеру нәтижесінің негізінде 20 тамызға дейін халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушылардың тізімін бекітеді.

6. Ауданық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдерімен бірлесіп аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде үш жұмыс күні ішінде Бағдарламаның қатысушыларына хабарлайды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның қатысушыларына оқуға жолдама (бұдан әрі-жолдама) береді.

Оқу орны бағдарламаның қатысушыларын оқуға қабылданғаннан кейін жолдамаға хабарлама аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға/кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдігіне қайтарады.

Оқу орындары үміткердің оқудан бас тартқан жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына уақытылы хабарлайды. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар үміткер оқудан бас тартқан жағдайда басқа үміткерлер іздестіруді жүзеге асыру үшін аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарды ақпараттандырады. Оқудан бас тартқан қатысушыны басқа адаммен оқытуға жолдама алған сәттен бастап ауыстыру 10 қыркүйекке дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

7. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер ауданық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар/ кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар және қалалар құрамындағы аудандар әкімдері

берген жолдамалар негізінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнына өтініш береді.

8. Оқу орнына өтініш берген кезде үміткерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

2) білім туралы құжат (аттестат, куәлік, диплом);

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (одан әрі - № 907 бұйрық) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына бекіту туралы";

Денсаулық сақтау ұйымдарының № 086-У бастапқы медициналық құжаттама нысанына сәйкес денсаулық жағдайы туралы анықтаманы;

4) әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатын растайтын анықтаманы (бар болған жағдайда);

5) жолдаманы.

Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттарды үміткердің өзі не ата-анасы немесе басқада заңды өкілдері тапсырады.

9. Топтарды жасақтау жылына 20 маусымнан 30 тамызға дейін жүргізіледі, жыл ішінде осы Қағидалардың 6 және 14-тармақтарына сәйкес жабдықталуға рұқсат етіледі.

10. ТЖКБ бар кадрлар даярлау бойынша Бағдарлама қатысушыларын оқуға қабылдауды оқу орнының басшысы жүзеге асырады.

11. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде аудандық (қалалық) комиссия шешімін алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оқу орындары мен ТЖКБ бар кадрларды даярлау туралы шарт жасайды. Топтарды топтастырғаннан кейін, Бағдарламаға қатысушылар келмеген жағдайда оқу мекемесі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

12. Бағдарлама қатысушыларын оқыту ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 65 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13149 болып тіркелген) бекітілген Сыныптауышқа сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне сәйкес анықталады.

Оқыту "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу үлгілік жоспарлары мен бағдарламалары негізінде оқу орны әзірлеген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

13. ТЖКБ бар кадрларды даярлау жұмысшы біліктіліктері және мен орта буын мамандарын бойынша аяқтаған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне (бұдан әрі - № 125 бұйрық) сәйкес қорытынды аттестаттау тапсырған Бағдарлама қатысушыларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) беріледі.

14. Бағдарламаның қатысушысын оқудан шығарған жағдайда бойынша демалыс кезеңінен басқа уақытта бар бос орынға үміткерлердің келесі санаттыларды ауыстыруға немесе енгізуге болады:

оқу мекемесіне түспеген 9-11 сынып түлектері (оқу жылы басталғаннан кейін бірінші ай ішінде);

ақылы негізде білім алушылар, соның ішінде туыстық біліктіліктер бойынша.

Үміткер білім беру ұйымының басшысының атына ерікті түрде бос орынға оны ауыстыру немесе енгізу туралы өтініш қалдырады. Білім беру ұйымының басшысы осы өтінішті қарастырғаннан кейін, аудандық (қалалық) комиссиямен келісу бойынша үміткерді бос орынға ауыстыру немесе енгізу туралы бұйрық шығарады.

15. Оқу орны Бағдарламаға қатысушыларды:

1) білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан себепсіз қалған;

2) № 125 бұйрыққа сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда оқудан шығарады.

16. ТЖКБ алушы барлық Бағдарлама қатысушыларына:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік

стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларына және олардың мөлшерлеріне сәйкес стипендия;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12894 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жол жүруге өтемақы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына (бұдан әрі- қаулысы) сәйкес ыстық тамақ беріледі.

Қаулысына сәйкес Бағдарлама қатысушылары, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өтуші тұлғалар жетім балалар үшін күндізгі тағам мөлшері құнынан 40 пайыз есебінен тегін бір күндік ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

17. Оқу орны білім алушыларды қабылдағаннан кейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның оқуға қабылданған қатысушылары туралы есепті 1 қазанға дейін ұсынады.

18. Оқу орны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп (портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде) береді.

19. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары осы Қағидаларға 6 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлаудың барысы туралы есепті және 7 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлауға қабылданған қатысушылар туралы ақпаратты (портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде) халықты жұмыспен қамту орталықтарына тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 3 - күніне, білім беру саласындағы уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5 - күніне ұсынады.

3-тарау. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру мен қаржыландырудың тәртібі

20. 29 жасқа дейінгі жастағы жастар мен халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар, қысқартылатын және белсенді жұмыскерлер қысқа мерзімді оқытудан өте алады.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына, білім беру ұйымдарына, өңірлік кәсіпкерлер палатасына (одан әрі - ӨКП), кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкіміне осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарламаға қатысу үшін жүгінеді және өңірлік комиссиямен анықталған тізімнен қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды жүргізу үшін білім беру ұйымын, біліктілік, дағдыларын таңдайды.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекіткен Біліктілік және дағдылары тізбесіне кірген біліктілік және дағдылары бойынша қаматасыз етеді.

Қысқартылған жұмысшылар қайта даярлау шеңберінде халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді және Тізілімнен өз бетінше білім беру ұйымын таңдайды.

21. Білім беру ұйымдарын өтініш берген кезде үміткер мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) еңбек кітапшасының (болған жағдайда);

3) білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ оқығанын растайтын құжаттарды (куәлік, сертификат) болған жағдайда,

4) № 907 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының № 086-У бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

22. Құжаттар топтамасын қабылдау кезінде халықты жұмыспен қамту орталығының, білім беру ұйымдарының/ ӨКП/ кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар және қалалар құрамындағы аудандар әкімдігінің қызметкері көшірмені құжаттардың түпнұсқасымен салыстырып, түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.

Халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш берушінің әлеуметтік - кәсіби бағыттылығын жүргізеді.

Білім беру ұйымдары/ӨКП/ауылдық округ немесе елді мекендердің әкімдері құжаттар мен өтініштерді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кәсіптік оқуға үміткерлер туралы мәліметтерді портал арқылы электрондық

түрде/қағаз түрінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсынады.

23. Халықты жұмыспен қамту орталықтары екі жұмыс күні ішінде үміткерлер құжаттарының Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келуін тексереді, үміткерлердің тізімін қалыптастырады және аудандық (қалалық) комиссияға жолдайды.

24. Аудандық (қалалық) комиссия халықты жұмыспен қамту орталықтарының деректері негізінде үш жұмыс күні ішінде үміткерлердің тізімін бекітеді және оны халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдайды.

25. Халықты жұмыспен қамту орталықтары үш жұмыс күні ішінде үміткерлерге аудандық (қалалық) комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды және оларға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарлама қатысушысын оқыту үшін білім беру ұйымына жолдама береді. Ауылдық елді мекендерде тұратын үміткерлер ауылдық округтер мен елді мекендердің әкімдері арқылы хабарландырылады.

26. Білім беру ұйымдарымен қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қабылдау үш жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) комиссия шешімі негізінде іске асырылады.

27. Білім беру ұйымы білім алушыларды қабылдағаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға қабылданған Бағдарлама қатысушылары туралы есепті портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде және қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

28. Білім беру ұйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және ӨКП-ның келісімімен еңбек нарығында сұрансқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша оқу кестесін және жұмысшы біліктіліктері бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту модулін қамтитын оқу бағдарламаларын әзірлейді. Оқу орталықтары мен оқу мекемелері Бағдарлама қатысушысының талабы мен мүмкіндігін ескере отырып, халықты жұмыспен қамту орталығының келісімі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды күндізгі немесе кешкі нысандарда жүзеге асырады.

29. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың ұзақтығы біліктіліктің (мамандықтың) ерекшеліктерін ескере отырып, бір айдан алты айға дейінгі мерзімді құрайды.

30. Бағдарлама қатысушыларын қысқа мерзімді кәсіптік оқыту білім беру орталықтарының және білім беру мекемелерінің халықты жұмыспен қамту орталықтарымен жасалған шарт негізінде, қысқа мерзімді курстарға үміткерлерді бағыттау аясында іске асырылады.

31. Білім беру ұйымы Бағдарлама қатысушыларын:

1) білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан себепсіз қалған;

2) № 125 бұйрыққа сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда аудандық (қалалық) комиссияның келісімі бойынша оқудан шығарады.

32. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтетін Бағдарлама қатысушылары оқу ақысын төлеу үшін мемлекеттік қолдаумен, стипендиямен, жол жүру ақысымен қамтамасыз етіледі.

33. Тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде оқитын Бағдарламаға қатысушылары үшін жол жүруге және тұруға (тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеу) материалдық көмек төленеді.

34. Алыс ауылдық елді мекендерде тұратын тұлғалар қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан мобильді оқыту орталықтары арқылы өтеді.

35. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытатын мобильді оқыту орталығы аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен оқу орнының жанынан құрылады.

36. Мобильді оқыту орталығының жұмысын ұйымдастыру үшін оқу орны меншік құқығындағы азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде коммуналдық мүлік құрамына мобильді оқу орталығының мүліктік (жылжитын және (немесе) жылжымайтын) кешенін алады.

37. Мобильді оқыту орталығының мүліктік кешеніне:

1) технологиялық жабдықтарды жеткізу және оқытуды өткізу үшін жылжымалы көлік құралы;

2) оқытудың технологиялық жабдықтары кіреді.

Мобильді оқу орталығының аудандар мен ауылдық округтерге бару кестесін облыстардың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары құрады және бекітеді.

38. Мобильді оқыту орталығының оқу қызметін қамтамасыз ету үшін оқу орнының басшысы өндірістен мамандарды тарта отырып, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері арасынан инженерлік-педагогикалық қызметкерлер тобын және олардың негізгі жұмыс істеу кестесін есепке ала отырып, мобильді оқу орталығындағы жұмыстарының мерзімін анықтайды. Мобильді оқу орталығының мүліктік (жылжитын және (немесе) жылжымайтын) кешенін тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жүргізуші, мобильді оқу орталығына техникалық қызмет көрсету үшін тиісті мамандар тартылады.

39. Бағдарлама қатысушылары қысқа мерзімді кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін білім беру ұйымы жұмысқа орналастыруға көмек көрсету үшін халықты

жұмыспен қамту орталықтарына, ӨКП-ға оқуды аяқтағандардың тізімін жібереді.

40. Білім беру ұйымы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есеп береді

41. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған Бағдарлама қатысушыларына білім беру ұйымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8829 болып тіркелген) бекітілген Ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес нысандар бойынша куәлік немесе сертификат береді.

42. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ай сайынғы негізде жергілікті атқарушы органдарға білім алушылар, халықты жұмыспен қамту бойынша есептемені келесі есептік айдың 3-күніне дейін мерзімде, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ұсынады.

43. Облыстардың, республикалық деңгейдегі қалалардың және астананың халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы органдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы есептемелерді осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамға портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде есепті ұсынады.

4- тарау. "Мәңгілік ел жастары –индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

44. ТЖКБ ұйымдарына қабылдау білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

45. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру Ережесіне сәйкес республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру

гранттары талапкерлер өтініш білдірген нақты мамандықтар, тіл бөлімдері мен оқу нысандары бойынша мамандықтар кезектілігіне сәйкес білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) сертификаттарының балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі.

Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін азамат ЖОО қабылдау комиссиясына бекітілген үлгідегі бланкте өтініш, білім туралы құжатын (түпнұсқасы), ҰБТ немесе КТ сертификатын, 3x4 көлеміндегі екі фотосуретін, № 907 бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының № 086-У бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамасын, сондай-ақ жеке тұлғасын растайтын құжатының көшірмесін береді.

46. "Мәңгілік ел жастары –индустрияға!" ("Серпін") жобасы шеңберінде жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыруды білім беру ұйымы, жұмыс беруші мен білім алушы арасындағы түлекті жұмысқа орналастыру туралы үшжақты шарт негізінде білім беру ұйымдарының жолдамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді. Түлектердің жұмыспен өтеуі оқуды аяқтағаннан кейін оқыған өңірінде кемінде үш жыл жүзеге асырылады.

5- тарау. Еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі

47. Еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау жұмыс берушілердің өтінімі бойынша Бағдарламаға қатысушының жұмыс орнын оқу аяқталғанға дейін сақтау шартымен Еңбек ресурстарының ағынын басқару жөніндегі жол картасы шеңберінде жүзеге асырылады.

48. Қайта даярлау бағдарламасына қатысу үшін кәсіптік білім немесе аралас біліктіліктер бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы міндетті шарт.

49. Жұмыс берушілер қысқартылған жұмыскерлерді қайта даярлау үшін халықты жұмыспен қамту орталығына қайта даярлаудан өтуге жолданған жұмыскерлер санын, кәсіптер тізбесі мен білім нысанын көрсете отырып ұсынады. Өтінімге жұмыс берушінің қурылтайшы құжаттары мен жұмыскерлердің құжаттары қоса беріледі.

Жұмыс беруші өтінім бергеннен соң екі жұмыс күні ішінде қысқартылған жұмыскерлерді қайта даярлауға өтінім бергені туралы хабардар етеді.

50. Қайта даярлаудан өтуге қысқартылған жұмыскерлер Бағдарламаның 5.1.4 тармақтарында көзделген мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);

3.											
Барлығы :											

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 2- қосымша нысан

Бағдарламаның қатысушысын оқытуға № ____ жолдама

Бағдарламаның

қатысушысы

(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

облысының

(облыстық маңызы бар қаланың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың)

аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган/кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдері аудандық (қалалық) комиссияның шешімі негізінде

(білім беру ұйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

_____ ай мерзімге " ____ " _____ бастап " ____ " _____ 20 ____ ж. дейін оқуға жіберіледі.

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның басшысы/кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімі

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

қолы _____

Берілген күні "___" _____ 20__ жыл

М.О.

(қию сызығы)

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға/ кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдігіне қайтарылады.

№__ Жолдамаға хабарлама

(білім беру ұйымының атауы)

Бағдарламаның

қатысушысы

(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _____ 201__ жылғы "___" _____ №__ бұйрыққа сәйкес

(мамандықтың атауы)

мамандығы бойынша 201__ жылғы "___" _____ бастап "___" _____ дейін _____ ай мерзімге оқуға қабылданғанын хабарлайды.

Білім

беру

ұйымының

жауапты

өкілі _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

М.О.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар

даярлауды, еңбек ресурстарын
және қысқартылатын
жұмыскерлерді қайта даярлауды
ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидаларына
3- қосымша

Нысан
Оқу орнының басшысы

(басшының тегі, аты, әкесінің
аты (ол бар болған жағдайда))

(тұратын мекен-жайының атауы)
мекенжайы бойынша тұратын

(қатысушының тегі, аты,
әкесінің аты (ол бар болған
жағдайда))

Өтініш

Мені "Бағдарлама қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді

кәсіптік оқытумен қамтамасыз етудің" бірінші бағыты бойынша Бағдарлама қатысушыларының

тізіміне қосуды сұраймын.

Қосымша__ бетте:

